Сынып / Класс ... Предмет Қазақ тілі мен әдебиеті

„Сегізаяқ" өлеңінің мазмұны мен ұлттың құндылығы.

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника — Парақ / Страница №

1. Абай Құнанбайұлы — қазақ жазба әдебиетінің іргесін қалаған, гуманистік-философиялық бағыттардағы шығармаларының ішінде ең маңызды деген тақырыптарды көтерген дана да, дара тұлға. Қазақ халқының қамын ойлап, жөн-жегір болған жүріс-тұрыстарына ашынып, жүрегінде лаулаған шерін өлең жолдарымен оқырманға жеткізген. Адам психологиясын танып біліп, жат елдің дастандарын оқыған Абай қазақ халқының ілім-білімге құштар болуына, сауатсыздықтан арылуына жол салған шығармалары аз емес. Көпке танымал „Сегізаяқ" өлеңінде Абай қазақ халқының мәселесін көтере алды ма екен?

„Сегізаяқ" өлеңінде жалпы қазақ халқының надандығы қарастырылады. Абай заманындағы қазақ халқының бойында сауатсыздықтың болуы, сондай бір тылсым сыр емес. Ескі дәстүрлерді қатты ұстанған қазағымыз той тойлау мен өсек-аяңды ғылым тануға алмастырғысы келмейді. Өзінің ойын не де болса өзгертпейтін бірбеткей қазақ „шоқынған" болып кетеміз деп, орыстарға үрейленіп, оқу-білім алудың орнына, біреуге жалшы болып жүруді таңдайды. Халқының осы надандығы Абайдың жанына батқандықтан „Сегізаяқ" өлеңінде қазағын қатты сынға салады. Оны:

„Өзінде ой жоқ,
Басында ми жоқ,
Күлкішіл кердең наданның" — деген жолдарымен дәлелдей аламын. Бұл тәсілмен Абай надандықтың түбіне нүкте қоюды көздеген деп ойлаймын.

Дәл осы надандықтан тараған адам бойындағы жаман қасиеттерді Абай бұл өлеңінде „айқара ашып" қарастырады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Облысы | Область Павлодар

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № ____

Қазақтың „қой аузынан шөп алмас" малын болуы және өзін-
дік дауын болмауы да осы „Сегізаяқ" өлеңінде көрсетілген. Сол
момындығының кесірінен болыстардың немесе аяздардың айтқанын
істеп, ойға қонымсыз көтермеленген салықтарын төлеп, бар малын
шенеуніктерге беріп жүре берген. Өзіміздің арамыздан шыққан
би-молдалардың өзі бірге туып-өскен халқына опасыздық қыл-
ғанда, басқалары не істейді? Әрине, бұл жағдайды көріп ба-
сымызға шығады. Билікке жағымпаздану мақсатымен қара халқын
„мұз басына отырғызып", қитұрқы ойларын шариғатпен ақтап
жүрген молдалардың айтқанына халқымыз сеніп жүрген. Бұл
жағдайды:

„Көп айтса көнді
Жұрт айтса болды,
Әдеті надан адамның" - деген тармақтардан байқаймыз.

Абай халқын ғылымға жетелеуді жайдан жай қаламаған жоқ-тұғын.
Қазағы оқу-жазу танып, ақ пен қараны ажыратып „бас ба-
сына би болған өңкей қиқым" молдалардың өтірігіне сенбес
еді деген мақсатпен ілім-білімге жетелеген еді деген тұжырым-
даймын. Алайда, оқығанмен білімді дұрыс қолдану керек дейтін.
Себебі, сол оқып келгендер де молдалар секілді бар білімін
(би-молдалар) пайда табуға жұмсайды. Абай оқыған адам өз
еліне пайда әкелу керек деген көзқараста болған.

„Сегізаяқ" өлеңі бүгінгі таңдағы мәселелерді де көтереді.
Айталық, қазақ халқының жартысы ескі әдеттерден бас тартпа-
ған. Жастар барлық мүмкіндіктерге қарамастан, оқығылары келмей-
ді. Бұрынғыға қарағанда, қазір көбісі оқыған болса да, еліміздің
дамуына үлес қосып жатқандар аз. Оқыған, білімді адамдары-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

мыз шет елдерге кетіп қалып. Абайдың оқыған адамдардың қалауының тағы бір себебі, жанының жалғыздығы. Ағайындар оны қорғағанымен, оның жүрегінің жарасын түсінетін оқыған, білімді адам жанында болмаған. Басқа елдерден оның хат алмасатын достары бола да, Абай халқын тастап, шет елге қашып кетпеген. Осы көріністі біздің жастарымыз түсіну керек. Қайда қалып ойлап оқығанша, елдің қамын ойлап білім алғаны, алдына бәрі де келеді.

Абайдың ақ қағаз бетіне түсірген әрбір шығармасы қазақ халқы үшін ең бағалы қазына. Әрбір туындыдағы көтерілген мәселелер мен ғибратты сөздер - әркімнің жанын жаралап, сусындаған нәрдай болып келеді. Данышпан ақынымыздың артынан қалған мұрасын сақтап, одан нәр алу әрбір қазақ баласының міндеті.

2-тапсырма

достарына - зат есім

көрейін - етістік

мақтайтын

шаршадым - етістік, не істедім?

ағамның

жапырақтарына - қайда?

іліккені

аттылы - сын есім, қандай?

сатырласып - етістік

шүңкілдесуге



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ